

ИМАМ МАТУРИДИДІҢ ӨМІРІ МЕН ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Б.К. Ботакараев

АННОТАЦИЯ

Ислам діні пайда болған уақыттағы мұсылман үмбетінің бір болғандығына қарамастан, уақыт өте келе өз араларында итиқади және фикхтық мәселелерде пікір-таластар туындай түсті. Жаулап алушылық қозғалыстар мен мұсылмандардың басқа ұлттармен танысуы уақыт өте келе әлеуметтік-саяси тақырыптарға байланысты дәлелдер мен теориялық мәселелердің көбеюі түрлі ғырқалардың пайда болуына себеп болды. Бұл процестің соңында ағымдар пайда болып, өзара ішінен де тармақтарға бөліне бастады. Бұл кезеңде итиқади және кәламдық тармақтар өздеріне тән формаларға ие бола бастады. Кәламдық ғырқалардың көбісі сол кездегі тармақтарға қарсы шықты және ашық немесе жасырын күйде басқа ғырқалармен байланыс құрып кезеңнің маңызды мазхаптарын құрады және көзқарастарын қоғамның маңызды бөлігі ұстана бастады. Бұл кәламдық тармақтардың бірі Матуридилік Мәуеренахрда пайда болды. Қорасан мен Мәуеренахр Исламның алғашқы ғасырларынан бастап моңғолдардың келуіне дейін Иранның және Ислам әлемінің маңызды аймақтарынан саналатын. Бұл аймақ географиялық және табиғи ерекшеліктерімен назар аудартуда.

Әбу Мансұр әл-Матуриди Әһли Сүннет кәламшыларының Мәуеренахр аймағы бойынша басшысы. Имам Ағзам Әбу Ханифаның «Фикхул әкбар» атты кітабындағы Ислам ақидасы туралы көзқарастарын жүйелі қалпына келтірген. Ислам сенім мен ақидасына ғылыми сипатты қоса білгендігі үшін Матуридидің кәлам іліміне байланысты көзқарастарына өз есімімен Матуриди мазхабы деп аталды. Ханафи мазхабы ғалымдарының басым көпшілігі Имам Матуридидің ақидасына байланысты көзқарастарын ұстанғандықтан Матуриди Әбу Ханифаның көзқарастары шеңберінде құрылған Ханафи мазхабының да кәламшысы ретінде қабылданды.

Түйін сөздер: Имам Матуриди, Мәуеренахр, Әбу Ханифа, толеранттылық, зайырлылық.

А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Автор-корреспондент:

Б.К. Ботакараев

bauyrzhan.botakarayev@ayu.edu.kz

Мақаланың сілтемесі:

Ботакараев Б.К. Имам Матуридидің өмірі мен дүниетанымындағы толеранттылық мәселесі // Адам әлемі. – 2021.

– № 4 (90). – Б. 153-162.

Жизнь и проблема толерантности в мировоззрении Имама Матуриди

Аннотация. Несмотря на то, что мусульманская умма была единой во время появления ислама, с течением времени между ними возникли споры по вопросам веры и права. Завоевательные движения и знакомство мусульман с другими народами со временем привели к появлению различных течений, распространению аргументов и теоретических вопросов, связанных с социально-политическими проблемами. В конце этого процесса появились те-

чения, которые стали делиться на разные школы. В этот период религиозные и богословские школы начали принимать свои собственные формы. Большинство этих школ выступали против разных течений того времени и образовывали важные школы, открыто или тайно общаясь с другими течениями. И значительная часть общества стала придерживаться их взглядов. Один из этих школ Матуридизм появился в Мавераннахре. Хорасан и Мавераннахр были важными регионами Ирана и исламского мира с первых веков до прихода монголов. Этот регион привлекал внимание своими географическими и природными особенностями.

Абу Мансур аль-Матуриди – лидер Ахль ас-Сунны в Мавераннахре. Имам Матуриди систематически реконструировал взгляды, связанные с исламским вероубеждением, написанные в книге Абу Ханифы «Фикхул акбар». Взгляды Матуриди на исламскую теологию были названы школой Матуриди из-за его способности придавать своим убеждениям научный характер. Поскольку большинство ханафитских ученых придерживались взглядов веры Иمامа Матуриди, он был также принят в качестве мутакаллима ханафитской школы, которая была сформирована в рамках взглядов Абу Ханифы.

Ключевые слова: Имам Матуриди, Мавераннахр, Абу Ханифа, толерантность, светскость.

Life and the Problem of Tolerance in the Worldview of Imam Maturidi

Abstract. Despite the fact that the Muslim ummah was united at the time of the emergence of Islam, over time, disputes over issues of faith and law arose between them. Conquest movements and the acquaintance of Muslims with other peoples over time led to the emergence of various trends, the dissemination of arguments and theoretical questions related to socio-political problems. At the end of this process, currents emerged that began to divide into different schools. During this period, religious and theological schools began to take their own forms. Most of these schools opposed different currents of the time and formed important schools, communicating openly or secretly with other currents. And a significant part of society began to adhere to their views. One of these schools of Maturidism originated in Transoxiana. Khorasan and Transoxiana were important regions of Iran and the Islamic world from the early centuries until the arrival of the Mongols. This region attracted attention for its geographical and natural features.

Abu Mansour al-Maturidi is the leader of Ahl al-Sunnah in Transoxiana. Imam Maturidi systematically reconstructed the views associated with Islamic beliefs written in Abu Hanifa's book "Fikhhul Akbar". Maturidi's views on Islamic theology were named by the Maturidi school because of its ability to give scientific character to its beliefs. Since most of the Hanafi scholars held the views of the faith of Imam Maturidi, he was also accepted as a mutakallim of the Hanafi school, which was formed within the views of Abu Hanifa.

Key words: Imam Maturidi, Transoxiana, Abu Hanifa, Tolerance, Secularism.

Кіріспе

Имам Ағзам Әбу Ханифаның, әсіресе сенімдік көзқарастарын дамытып жүйелеген және дін мәселесінде пайда болған мәселелерді ол секілді ақыл мен нақылды негізге алып, шешіп отырған. Имам Матуридидің көзқарастары өзінен кейін пайда болған көптеген Ханафи ғалымдары, фикхта Әбу Ханифаның көзқарастарын, итиқадта болса Имам Матуридидің көзқарастарын алға тартып, Ханафилик пен Матуридилікті бірге жайған болатын.

Имам Матуриди Ислам әлеміне ықпалы зор Әһли Сүннетке қарама-қайшы болған сенім мен көзқарастарға қарсы жасаған жұмыстары мен кәлам іліміне тигізген үлесінің себебінен көбінесе кәламшы ретінде танылса да, ол Ханафи факихы болып табылады. Матуридидің Әбу Бәкір әл-Жузжани, Әбу Насыр әл-Иязи секілді ғалымдардан Ханафи фикхын үйренуі мен Әбу Мұхаммед Абдулкарим әл-Бәздауи мен Әбул Хасан әр-Рустуфағни секілді көптеген шәкірттеріне Ханафи фикхын үйретуі Ханафи мазхабы факихтарының бірі болғандығының айқын дәлелі.

Әдіснама

Зерттеліп отырған тақырыптың негізін Имам Матуридидің көзқарастары мен дүниетанымдық ерекшеліктері құрайды. Зерттеу барысында шығыс ғалымдарымен қоса, батыс әлемінің ғалымдарына да сілтеме жасалды. Мақала нақты тарихи және жүйелі талдаудың әдіснамалық тәсілдерін негізге ала отырып жазылды.

Негізгі бөлім

Әбу Мансұр Мұхаммед әл-Матуриди әс-Самарқанди (қ. 944) түркі дүниесінен шыққан, Ислам діні тарихында тең келері аз болған үлкен ғалымы болып есептеледі. Матуриди немесе Самарқанди атымен аталу себебі дүниеге келген жеріне байланысты. Классикалық әдебиеттердің ұсынған мәліметтері бойынша Матуриди Мәуеренахр аймағында Самарқандтың Матурид ауылында туған. Сонымен қатар Әһли бидғатпен жасаған пікірталар мен ғылыми ізденістерінің себебімен «Аләмул-худа», «Имамұл-худа», «Имамұл-мутақаллимин», «Мусахиху ақайдил-муслимин», «Рәйсунна» секілді әртүрлі рухани атағымен белгілі [1, 56-63 бб.]. Өмірге келген жылы нақты болмаса да 862 жылдың шамасында болғаны болжамдалады.

Орта Азияның ханафи мазхабының фикхы Мәуеренахрдың ірі қалаларында, әсіресе Бұхара мен Самарқандта дамыды, ханафилердің мазхабы өзінің қалыптасуында үш кезеңнен өтті:

– Қалыптасу кезеңі (IX-X ғғ.). Халифаттың шығыс аймағы Мәуеренахр, Самарқанд, Бұхара және Насаф қалаларында жергілікті ханафи білім беру орталықтары құрылып дамыды;

– Өркендеу кезеңі (XI-XIII ғ. басы). Ислам әлемінің басқа бөліктерінен оқшауланған кезде ханафилік мазхаптың қараханидтердің Мәуеренахрда Ханафи мазхабының факихтері жергілікті дәстүрді қолданып, өз мазхабының

ережелерін дамытты;

– Құлдырау кезеңі (XIII ғ. басы - XIV). Қала орталықтарының жойылуы нәтижесінде фикхшылардың шығармашылықтары сарқылған уақыт. Екінші кезеңдегі Мәуеренахр факихтері қызметінің арқасында Орталық Азия халқының көптеген құқықтық институттары, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары исламға ішінара ене бастады [2, 78 б.].

Әбу Мансұр әл-Матуриди, факих (фикһ маманы) және муфассир (тәпсір маманы) болуымен қатар, көбінесе, мутақаллим, яғни кәламшы болуымен танылған және өз саласында құрметке бөленген адам. Ислам дүниетанымы мен кәламы бойынша Әһли Сүннеттің ақли дүниетанымын ұстанған, Ислам әлемінің көбінесе Орта Азия аймақтарында үстем болған, Матуридилік ретінде аталған жүйеленген кәлам тармағының құрушысы. Матуриди жолы ауқымды, кең географияға жайылғанымен Матуридидің рационалдылығы мен сенімдік мәселелерді қарастыру әдіс-тәсілдерінің ішіндегі иман мен амал байланысы секілді көзқарастары түбегейлі зерттелмегендіктен жеткілікті дәрежеде танылмады. Матуридидің өмір сүрген дәуірі түрлі көзқарастардың, сенімдік, философиялық және саяси мазхап пен ағымдардың пайда болған, Ислам дүниетанымы мен сеніміне сырттан және іштен зарарлы және деструктивті дүниетанымдардың жайлаған кезі болатын. Осындай бір кезеңде Матуриди бір жағынан Ислам сенімдерін нысанға алып жоюға тырысқан көптеген дуалист және теріске шығаратын ағымдардың көзқарастарына қарсы шықты. Сонымен қатар, екінші жағынан, Исламдық дәстүрдің шеңберіндегі пайда болған бидғат фырқаларына қарсы, таухид заңдылығын ескере отырып, Исламның басқа да сенім негіздерімен дәлелдеуге және қорғауға тырысқан.

Ислам мен түркі дүниесінде маңызды орын алған Имам Матуридиді тануымыз үшін оның есімі, тегі, өмірге кел-

ген жері мен отбасын, өмір сүрген қоғамын, сол кезеңдегі әлеуметтік, мәдени, экономикалық және саяси оқиғаларды, түрлі ағымдар мен олардың алғышарттарын білуіміз қажет. Өйткені адам отбасынан, қоршаған ортасы арқылы дүниетанымы қалыптасады. Сондықтан Матуридидің өмірін, өмір сүрген қоғамын және тұлғалығын білуіміз оның дүниетанымдық негіздерін және кейінгі кезеңдерге жол көрсеткен әдіс-тәсілін де түсінуімізге өз септігін тигізеді.

Түркі ғалымы – Имам Матуриди

Матуридидің жанұясы мен шежіресі туралы әкесі мен атасының атынан басқа мәлімет өте аз. Жанұясы Әбу Айюб әл-Ансари ұрпағынан келгеніне байланысты риуаяттарға сүйенетін болсақ, оның тегі араб болғаны айтылады [3, 385 б.]. Алайда тарихи және ғылыми мәліметтермен сәйкес келмегендігі үшін бұл пікірдің қате екендігі кейінгі зерттеушілер тарапынан айтылған болатын. Араб болғанына байланысты пікірлерді жоққа шығаратын көптеген дәлелдер бар. Олар:

1. Имам Матуридидің орталық болып есептелген Бағдаттан алыс өмір сүруі. Өйткені әр адам ол жерге барып келетін, пікір алмасатын. Бағдат көптеген мәдениеттердің тоғысқан орталығы болатын. Ал Матуриди болса бұл ортадан алыс қалды;

2. Матуридидің өскен аймағында жазылған еңбектерде мұндай мәліметтер жоқ;

3. Матуридидің еңбектері, әсіресе «*Китаб-ут Таухидтің*» араб тілінің грамматикасы бойынша кейбір қате, түсініксіз сөздер мен сөйлемдерді қолдануы оның араб болмаған бір адамның тарапынан жазылғаны айқын көрінеді. Сондай-ақ еңбектерінің көптеген жерлерінде сөйлемдерінің түркі стиліне жақын болып құрылуы еңбектерінің түркі тілдес бір ғалымға

тиесілі болғанының ең маңызды дәлелі.

4. Оның тегін Әбу Айюб әл-Ансариге алып барған әз-Забиди тегінің расымен де оған жеткендігінен емес, құрмет пен мақтанш үшін қолданғанын айтады;

5. Мұғтазила мен Әшғариге көрсетілген қолдау мен көмектердің Матуридиге немесе оның көзқарастарына көрсетілмеуі. Матуридиге саяси қолдау тек алдымен халифалары болған Ханафилер үшін Саманилерден, кейіннен Селжұқтар мен Османдықтардан келген болатын. Бұл қолдау болмағанда Матуридиліктің түбегейлі ұмытылуы да мүмкін еді;

6. Түбі араб болған адамдар өздерінен басқа ұлттарды «Мәуали» деп қорлық көрсететін немесе жоюға тырысатын, сондай-ақ төмендететін сөзді қолданған [4, 1-10 бб.]. Сонымен қоса, әйгілі араб текті ғалымдардың ілім-білім алған маңызды мәдени орталықтарына бармауы да танылмауына өз әсерін тигізді деп ойлаймыз. Мекке, Медина, Бағдат, Шам секілді орталықтарға барып, онда ұзақ уақыт бойы қалып, үлкен ғалымдармен танысып, сұқбат құрғанда бәлкім бұдан да танымал болар еді;

7. Ханафи ғалымдарға тиесілі Табақат кітаптарының жазылуының кешігуі де Матуридилік бағытты ұстанған ғалымдарының танылмауына себеп болған. Мысалы, Абдулкадир әл-Қурашидің *әл-Жаухиру-л Мудия* кітабы танылған ең ескі Ханафи табақат кітаптарынан саналады;

8. Ислам Кәламындағы Матуридидің әсерін жасырып, Әшғариді Сүнниттік ақида бойынша жалғыз Ислам ғалымы секілді көрсету әрекеттерін де атап өту қажет. Өйткені Әмауиттер мен Аббаситтер кезеңінде араб болмағандарға жоғарыдан қараудың белең алғандығын білеміз [4, 11 б.];

9. Матуридидің танылмауының бір себебі ретінде ол өмір сүрген аймақтың шапқыншылықтарға төтеп бере алмауы. Өйткені Хулагу мен Шыңғыс хан ол топырақтарды өртеп күйреткен

болатын. Сондықтан да ол кезеңде аймаққа байланысты көптеген кітаптар моңғолдардың шапқыншылығымен жоғалды. Моңғолдардан кейін ол аймақтарды отарлап, тас-талқан еткен орыстарды да ескерер болсақ, Матуриди туралы мәліметтердің аз болу себептері айқын көріне бастайды;

10. Матуриди өмірінің танылмауына байланысты себептердің бірі ретінде Ханафи бағытындағылардың көбінесе мәзһаптар тарихы саласына және өз мектептерінің бетке тұтар адамдарының өмір хикаялары мен аңыз-әпсаналарына маңыз бермегені және биография тақырыбына байланысты салаларда өздерінен күттірген еңбектерді жазбауларын айтуға болады;

11. Соңғы және маңызды себептердің бірі – ақида саласының дамымауы. Матуриди өмір сүрген кезеңде итиқадиді (сенімдік) мәселелерден қарағанда фикһтық (амалдық) тақырыптар көп қозғалды. Дәл сол жылдары жазылған кітаптар мен зерттелген тақырыптар Ислам дініндегі сенім мәселесі емес, намаз, ораза, зекет, қажылық секілді парыздарға арналған болатын [5, 262-263 бб.].

Теологиялық әдебиеттерде Әбу Мансұр әл-Матуриди Әбу Мансұр әс-Самарқанди, Әбу Мансұр әл-Матуриди әс-Самарқанди, әш-шейх Әбу Мансұр және әш-шейх әл-Имам Әбу Мансұр әл Матуриди ретінде танымал. Есімімен қосылып жазылған сөздер оның атақ-даңқын көрсетуде. Сонымен қатар «Әбу Мансұр Мұхаммед әл-Матуриди әс-Самарқанди әл-Ханафи» есімімен де мәшһүр.

Матуридидің әкесінің аты Мұхаммед, атасының аты Махмұд. Жоғарыда аталғандай Әбу Мансұр әл-Матуриди ілім, ирфан мен өркениет жағынан өте қолайлы және берекетті географияға ие болған Мәуеренахр аймағында өскен ауқымды кәлам, тәпсір мен фикһ ғалымы. Матуриди туралы сол кезеңде және одан кейінгі әдебиеттерде көп

мағлұматтар кездесе бермейді.

Ұлы имам Матуриди өмір сүрген дәуірде Аббасидтер жағдайы әлсіреген болатын. Осыған байланысты көптеген мұсылман мемлекеттері пайда болды. Солардың бірі – Саманидтер мемлекеті өз күшін Мәуеренахрда орнатты. Мәуеренахр Жейхун өзенінің шығыс жағалауы және Исламнан бұрынғы аты Хаятыла, Исламнан кейінгі аты Мәуеренхр ретінде аталған аймақтың есімі. Бұл аймақта Тирмиз, Насаф, Ташкент, Ферғана, Бұхара мен Самарқанд секілді маңызды мәдениет орталықтары бар. Бұлардың ішінде Самарқанд Исламнан бұрынғы және кейінгі кезеңде түрлі дін мен мәдениеттердің түйіскен жері болған. Бұл қала аймақта Исламның жайылуынан ұзақ уақыт өтпестен Ислам теологиясының кәлам/ақида, фикһ пен тәпсір секілді түрлі салаларда маңызды білім орталықтарының біріне айналды [6, 25 б.].

Бұл кезеңді жандандырған ең маңызды ерекшеліктердің бірі Мұғтазила, Кәррамия, Шиға мен Харижиттер секілді мұсылман топтар арасындағы толассыз жүрген пікір-таластар болды. Аймақтағы сұлтандардың ұйымдастырған кешкі пікір-талас мәжілістерінің де болғаны айқындалуда. Матуридидің өмірінде 12 Аббаси халифасы ауысқан және соңғы әл-Муттақидің халифалық кезеңінде (940-944), сондай-ақ өзі басқарған Самарқандтағы Дарул-Жузжанияда қайтыс болған. Матуридидің тәлім алған және дәріс берген Дарул-Жузжания медресесі Ханафи/Матуриди дәстүрінің қалыптасуында және жайылуында маңызды рөл атқарды.

Хижраның екінші ғасырынан бастап Ислам әлемінде екі тенденция байқалды. Бір жағынан философиялық ғылымдар аудармалар мен түсіндірмелер арқылы тарала бастаса, екінші жағынан, ақылға көп мән берген Мутазилииттер пайда бола бастады. Мутазилииттер ақида туралы өз пікірлерін білдірді. Саләфтардың қайнарға (нақл) байланысты болған

дәстүрлі ақидасы және буквализмдік дүниетанымы бұл жаңа қозғалысқа қарсы тұра алмады. Халифа Мамун Мутазилииттердің дүниетанымын мемлекеттің ресми ақидасы деп жариялады. Бұған қарсы тұру үшін мұсылман әлемінде дін негіздері болған усулудинді қарастырып, түсіндіретін жаңа тәсілін әзірлеу қажеттілігі туындады. Бұл тәсіл негізін нақылдан (Құран мен Сүннет) алып, Мутазилииттік тәсілдің оң жақтарын ескере отырып, логикалық әдістерге сүйену керек болды. Бұл мәселеде үлкен жетістікке мәуеренахрлық Әбу Мансұр Матуриди жетті. Бұл ғалым Кәлам атты жаңа ғылымды шығарды.

Матуриди еңбектерін зерттеген ғалымдар оның тегі түркі болғанын алға тартады. Өйткені бұл көзқарастарын Матурийдің еңбектерінде қолданған жазу стилі араб тілі мен грамматикасына қарағанда түркі тілдердің құрылымына жақын болуымен қуаттайды.

Мәуеренахр мен оның маңайы тарихи тұрғыдан әртүрлі дін, мазхап, пәлсапа, мәдениет пен өркениеттерді қамтыған, ілімдік жағынан да барынша белсенді бір аймақ болды. Сондықтан бұл территория, Ислам әлемінде көптеген даму мен өзгерістердің болған X ғасырда ең үлкен діни және философиялық дүниелердің түйіскен жерлердің бірі болған мегаполис қала сипатын иемденген. Матурийдің осындай бір қоғамда өмір сүруі философиялық және ілімдік жағынан дамуына өзара септігін тигізген. Екінші бір жағынан Мәуеренахр аймағының ілім-білім орталықтары, медреселер, әскери маңызы бар жерлердің көптеп шоғырлануының арқасында Ислам әлеміндегі көптеген ғалымдарды бір жерге жинағандықтан имам Матурийдің әртүрлі ғалымдармен танысу, сұхбаттасу мүмкіншілігін берді.

Ілімдік қабілетін Дарул-Жузжания медресесінде көрсету арқылы ғалымдардың арасында ерекше сүйіспеншілікке ие болды. Матуриди мұнда және басқа да жерлерде

жүргізген дәрістердің арқасында ілімдік тәжірибелерін, көзқарас пен әдістерін кейінгі ғасырларға жеткізетін, Ислам дүниетанымына қызмет ететін көптеген шәкірттерді тәрбиеледі. Өз кезеңінен бастап көзқарастарын бойына сіңірген, түсіндірген және жаюға тырысқан бұл шәкірттер мен ізбасарлардың арқасында оның дүниетаным жүйесі мен көзқарастары бүгінгі таңға дейін жалғасын тапты. Шәкірттерінің арасында Әбул-Қасым Исхақ б. Мұхаммед б. Исмаил әс-Самарқанди, Әбул-Хасан Али б. Саид әр-Рустуғфани, Әбу Мұхаммед Абдулкарим б. Муса әл-Бәздауи, Әбу Ахмед әл-Иязи сынды ірі тұлғалар бар. Сонымен қатар бұл шәкірттерінен тыс Матурийден кейін пікірлерін жаюға тырысқан, сондай-ақ мазхабының негіздері шеңберінде Әһли Сүннет кәламына үлес қосқан Әбул-Юср әл-Бәздауи, Әбул-Муғин ән-Нәсафи, Омар ән-Нәсафи, Сиражиддин Али б. Оспан әл-Уши, Нурәддин әс-Сабуни, Әбул-Бәракат ән-Нәсафи мен Ибнул-Хумам секілді кәламшылар болды. Бұл ғалымдар Мәуеренахрдан бастап Түркістан, Қазан, Бұхара, Ауғанстан, Пәнжаб пен Қашғар аймақтарына Матуриди мазхабының жайылуына сүбелі үлес қосқан. Сондай-ақ Матуриди дәстүрінің Түркі-Ислам дүниетанымының қалыптасуында маңызды рөл атқарған.

Матуриди өз аймағындағы Ханафи мазхабын ұстанатын ғалымдардан дәріс алған. Әбул Муғин ән-Нәсафидің «*Табсират-ул Әдилләсында*» берген мәліметі бойынша Әбу Ханифаның шәкірттері Имам Әбу Юсуф пен Имам Мұхаммед әш-Шайбаниден сабақ алған Сүлеймен әл-Жузжанидің талабалары Әбу Наср әл-Иязи мен Әбубәкір Ахмед әл-Жузжани Матурийдің ұстаздары болып табылады. Бұл жолмен Матуриди Әбу Ханифаның дүниетаным жүйесін үйренген, оның ақыл, ерік, толеранттылық әдіс-тәсілдерінің әсерімен өз сенім жүйесін замандастары Әбул Хасан әл-Әшғари мен Әбу

Жағфар әт-Тахауиден өзгеше түрде қалыптастырған.

Имам Әбу Мансұр әл-Матуриди туралы әдебиеттерде көп жазылмаса да, кейбір еңбектерде бұл ғалым туралы сөз қозғалған. Мысалы, Нәсафи Табсирату-л Әдилла еңбегінде, Ташкөпрузаде Мәузиату-л Улумун және басқа да еңбектерінде, Әбул Уәфа әл-Кураши Жауахиру-л Мудийя фи Табакатил Ханафия кітабында, Әбул Хасанат әл-Ләкнауи Фәуаиду-л Бахийя кітабында имам Матуриди турасында мәлімет береді.

Әбул Муғин ән-Нәсафи Матуридидің тұлғалық қасиетін суреттегенде: «ілімнің дариясына сүңгіп, ол жерден ілімнің жаухарларын шығарған, келтірген діни дәлелдердің детальдарын ұшқыр ойы, терең ілімі мен данышпандығымен әрлеген Матуридидің өмір сүрген ілім шеңберінде, өзінен басқа ілім иесі болмағанның өзінде, ол расымен де бұл бос жерді толтыратын күшке ие болған. Оның еңбектеріндегі бүкіл детальдарға, дәлелдерді келтіру мен сыни ойлау қабілетіне ие болғандар Матуридидің орнын шынымен де бағалайтын еді. Өйткені ұстазы Әбу Наср әл-Иязи, Матуриди келмеген жиналыстарында сөйлемейтін еді. Матуридиді ұзақтан көрген кезде оған таң қала ұзақ тұратын және де әр кез «Раббың қалағанын жаратады да сұрыптайды», – деп айтқан болатын [7, 359 б.].

Дүниетанымындағы толеранттылық мәселесі

Бұрынғы түркілердің діні мен дәстүрлерінде басқа сенімдерге деген құрмет пен толеранттылықты ұстанған діни түсініктің болғаны мәлім. Имам Матуриди де күнделікті саяси жағдайдан алыс, ақыл мен уахиге негізделген жүйені құрған, сонымен қатар діни түсінікті дәстүрлі формаға салған. Әрине, оның бұл әрекеті өмір сүрген ортасының және ескі түркі мәдениетінің ықпалында қалуынан болған. Бұл тұрғыдан дәстүр-

ден келген өзге сенімдерге құрмет пен толеранттылық түсінігі оның басқа дін мен тармақтарға деген іс-әрекетінде көрініс табады. Бұл әрекет өзінен кейін Ханафиттік-Матуридиліктің жолында және «дәстүрлі мұсылмандық» деп сипатталатын дүниетанымда жалғасын тапқан.

Түркілердің мұсылман болмастан бұрын, өздерінің дәстүрлі сенімдеріне сүйене отырып, өзге дін мүшелерімен болған қатынастарында басқаларда болмаған толеранттылық түсінігіне ие болғаны көрінуде. Бір ғана Тәңірлік түсінігін негізге алған түркілер бүкіл әлемнің, сонымен қоса оның ішіндегі Тәңір жаратқандығы үшін белгілі бір құрметке лайық екенін айтқан. Сондықтан бүкіл болмыстар Тәңірдің туындысы болғандықтан түрлі табиғат культтерінің іздері көрінеді.

Түркілердің Исламмен танысуы мен одан кейінгі кезеңде Исламды ұстануында бұрынғы діни түсініктерінің басым болғаны, сондай-ақ түркілердің өткен тарихтан келген ұлттық идентификациясын сақтап қалғандары да көрінеді. Түркілердің исламизациялану кезеңінде өздерінің дәстүрлі дүниетаным ретінде, ыңғайлы болған Ханафи, Матуридилікті ұстанған. Әсіресе Ханафи-Матуридиліктің түркілерден басқа ұлттардың арасында ұстанбауы Матуридиліктің түркілерге тән мазхап ретінде саналуына жол ашқан [8, 300 б.].

Қарастырып отырған бұл тақырыпта Матуридидің еңбектерін негізге ала отырып, оның өзге сенім мен мазхаптарға деген көзқарастарын баяндайтын боламыз. Аталмыш тақырыбымызда Матуридиліктің құрушысы Имам Матуридидің дүниетанымында дәстүрлі түркі дініндегі толеранттылық түсінігінің іздерін қарастырамыз. Имам Матуридидің ең танымал болған «*Кутабут Таухид*» пен «*Тауилатул Құран*» еңбектеріне және де осы мәселеге байланысты аяттардың түсіндірмесіне көз жүгіртеміз. Сонымен қатар Матуридидің түрлі дін мен мазхаптарға байланысты

сөздерімен толеранттылық мәселесін айқындаймыз.

1. Дін түсінігі

Имам Матуридидің Тәуилатул Құран кітабында дін сөзіне жүктеген ұғымы тікелей таухидті, яғни Алланың бір екендігін білдіретін дін түсінігін білдіреді. Матуриди сенім жүйесін осы негізде шынайы және хақ дін, сонымен қатар бұл дінді құраған әдістемелік негіздер, дін-шариғат, иман мен амал мәселелері бойынша қалыптастырды. Алланың рақымы мен әділеті туралы баяндалған аяттардың түсіндірмесінде басқа адамдарға көзқарастарын қарастырған.

Имам Матуридидің «Бақара» сүресінің 256-аятың түсіндірмесінде діннің жүрекпен болған бір әрекет екендігі, сонымен қатар туралық азғындықтан ажыратылғаннан кейін адамдардың дін мәселесінде ешқашан қиналмайтынына басты назар аударды. Матуриди өз еңбектерін төмендегідей мазмұнда қолға алған:

1. Дін – Алланы бір деп, тек Оның ғана құлы болу;

2. Дін – бүкіл пайғамбарларға жіберілген және адамдарға насихат жасалуы керек болған, сонымен қатар өзгермеген бір зат болғанын қабылдау;

3. Пайғамбарларға жіберілген шариғаттардың өзгере алатындығын айтуда және мұны емтихан ретінде санауда;

4. Осылайша ашық түрде дін мен шариғаттың аражігін ажыратуда [9, 39-43 бб.].

2. Адамдармен мейірімділік пен әділеттілікпен қарым-қатынас

Имам Матуриди толеранттылық контекстінде қарастыратын келесі мәселеміз адамдарға мейірімділік, әділдік, жанашырлық секілді мінез таныту жайында болмақ. Матуриди «Фатиха» сүресінің ерекшеліктері турасында сөз қозғағанда, Жаратушыны Алла мен Рахман есімдерін баяндаған кезде мүмін-мұсылмандардың құтқарылу мен бақытқа жетудің, бүкіл қауіп-қатерден алыстағанын айтады. Со-

дан кейін адамдардың өзара қарым-қатынасындағы махаббат, мейірімділік сипаттарын Алланың Рахман есім-сипаттарының көрінісі ретінде жеткізеді.

Құран аяттарына жасаған түсіндірмелерде Имам Матуридидің жоғарыда атап өткеніміз дін түсінігінің жалғасы ретінде қарастырылады. Ол Аллаға тиесілі болған мейірімділік пен әділдікті жер бетінде бүкіл адамдарға жайып, олардың арасында болмыс пен жаратылыс жағынан ешбір айырмашылықтың болмағанын айтады. Бұл жағдай түрлі қоғам пен топтарда көрінген үстем ұлт, өздерінің тысындағыларды төмен санау, сынып (каста) жүйесі және т.б. көрініс табуда.

3. Дін түсінігіндегі төзімділіктің іс жүзінде көрініс табуы

Мейірімділік пен әділеттіліктің түсінігімен Имам Матуридидің адамдарға өздері лайықты болған құрметтік көрсетті деп айтуға болады. Шын мәнінде, оның кәламшы болғанына қарамастан, мұсылман болмағандарға, сонымен қатар Исламдық ағымдарға құрметпен қарады. Әр түрлі құқықтық пікірлерді айтып, айыптау және терістеудің орнына, тиісті дәлелдерді ұтымды түсіндірмелер мен пайымдаулармен шешіп отырды. Қайшы болған көзқарастарды теріске шығарды. Ал қарсы болған тарапты кінәлаудан қарағанда өзінің төзімділігін көрсететін нақты ғылыми әдіске ие болды [10, 72 б.].

Десек те, мушриктерге қатал және ымырасыз көзқараспен қарады. Кейде Муғтазила ағымына қарсы өзіндік әдіс-тәсіліне сәйкес келмейтін қатаң және жағымсыз сипаттарды айтты.

4. «Әһли Кітап» өкілдерімен диалогы

Құрандағы аяттардың кейбір түсіндірмелері Матуридидің пікірінше, адамдар ата-аналарының ықпалымен өздері өмір сүріп жатқан қоғамдарда дін туралы еліктеушілік түсінігін қабылдайды. Бұл еліктеушілік біртіндеп өрескелдік пен бейқамдыққа жетіп, адамдарда

дін туралы жалған пікір қалыптасуына септігін тигізіп, бұны өздерінше дұрыс пікір ретінде қабылдайды. Осындай ауытқуларда Алла адамдарға көмектесу үшін өзінің рақымымен пайғамбарларды жібереді. Бұл пайғамбарлар адамдарды шынайы дінге, таухид дініне шақырады және дін туралы қате түсініктерін түзетуге тырысады.

Имам Матуридидің өзінің өмір сүрген мәдени ортасының әсерінен дін туралы түсінігі қалыптасты. Бұл ортаның араб емес және орталық биліктен алшақ болуы және оның күнделікті саясатпен айналыспауы Матуридидің тәуелсіз және еркін ойлауына ықпал етті және ақылға негізделген сенімді діни түсінік қалыптастырды. Еліктеуге емес, дәлелдерге негізделген бұл дін, Құранда шынайы, таза және ханиф діні ретінде сипатталған.

Бұл діни түсінік бойынша жаратылыста Жаратушының мейірімділік сипатын көру, Құдайдың барлығына әділетті болу әмірі, Имам Матуридиде бүкіл болмыстарды жақсы көру, жаратылғандықтары үшін өздеріне лайықты құрмет көрсету, әрбір нәрсені өз орнына қою секілді көрініс табады. Бұл жағдай оның методологиясына әсер етті. Классикалық мазхаптар тарихы мен кәлам әдебиеттерінде баяндалған екі қарсы топтарды байланыстыру мен қабылдамауға байланысты нормативті ережелердің орнына, ғылыми, логикалық тұжырымдар мен дәлелдердің тізбектелген әдісі үстем болды.

Қорытынды

Матуриди Жаратушының құзырында бір ғана дін Ислам болғанын астын сызып айтса да, иманның қасиеті мен дәрежелері баяндалғаны үшін Әһли Кітаппен бір жерде өмір сүре алатын плюралистік түсінікке ие.

Жоғарыда баяндалған жалпы көзқарасына қарамастан Матуриди біліп немесе білмей ұстанған көзқарасты өзін

әрдайым дұрыс көрсетіп, қарсы тарапты жоққа шығаруға бағытталған сөздерді де қолданған. Муржия мен Мұғтазила туралы ойы мұның айқын дәлелі. Сондай-ақ Имам Матуриди көзқарастарын сынға алып, жоюға тырысқан, қателерін айтқан түрлі ғырқа иелері болып тұрса да, оларды ешқашан тікелей күпірлікпен айыптауға бармаған.

Әдебиеттер тізімі

1 Ahmed Taşköprüzade, Tabakatü'l-Fukaha. – Musul. – 1961.

2 Рысбекова Ш. Историческая роль Ислама Ханафитского направления в жизни и культуре народа Казахстана // Адам әлемі. – 2015. – №2 (64). – С. 75-85.

3 Montgomery Watt. İslam Düşüncesinin Teşekkül Devri, ауд. Эthem Рухи Фығлалы. – Стамбул, 1998. – 480 б.

4 Muhammed b. Tavıt et-Tancı. Abu Mansur al-Maturidi // Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, Ankara (I-II), 1955. – 1-12 бб.

5 Али Айюб, әл-Ақидатул-Матуридия, Каир, 1955. (Каир университеті Даруль-Улум факультеті кітапханасы №24954/485 докторлық диссертациясы) – 262-263 бб.

6 Sönmez Kutlu, İmam Maturidi ve Maturidilik, Ankara: Otto Yayınları, 2018. – 528 б.

7 Әбул Муғин Маймун б. Мұхаммед, Табсиратул-Адилла фи усулуд-дин ала тариакатил-мани Әбу Мансур әл-Матуриди, тхк.: Клауди Саламә, Дамаск. – 1993. – 1/751 б.

8 Hanefi Özcan. Türk Din Anlayışı: Maturidilik // İmam Maturidi ve Maturidilik, дай. С. Кутлу. – Ankara, 2003. – 295-304.

9 Sonmez Kutlu. Bilinen ve Bilinmeyen Yönleriyle İmam Maturidi, // İmam Maturidi ve Maturidilik, дай. С.Кутлу. – Ankara, 2003. – 17-55 бб.

10 M. Ali Kaygısız, «Maturidi'nin çeşitli fırkalara bakışı», İzmir, 1996. – 122 б. (Магистрлік диссертация).

Transliteration

1 Ahmed Taşköprüzade, Tabakatü'l-Fukaha. – Musul. – 1961.

2 Rysbekova Sh. Istoricheskaja rol' Islama Hanafitskogo napravlenija v zhizni i kul'ture naroda Kazahstana // Adam әлемі. – 2015. – №2 (64). – S. 75-85. (In Russ)

Ботакараев Б.

3 Montgomery Watt. İslam Düşüncesinin Teşekkül Devri, aud. Jethem Ruhi Fyrlaly. – Stambul, 1998. – 480 b.

4 Muhammed b. Tavit et-Tanci. Abu Mansur al-Maturidi // Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, Ankara (I-II), 1955. – 1-12 bb.

5 Ali Ajjub, әl-Aқідatul-Maturidija, Kair, 1955. (Kair universiteti Darul'-Ulum fakul'teti kitaphanasy №24954/485 doktorlyқ dissertacijasy) – 262-263 bb.

6 Sönmez Kutlu, İmam Maturidi ve Maturidilik, Ankara: Otto Yayınları, 2018. – 528 b.

7 Әбул Муғин Majmun b. Мұхаммед, Tabsiratul-Adilla fi usulud-din ala tarikatil-mani

Әбу Mansur әl-Maturidi, thk.: Klaudi Salәмә, Damask. – 1993. – 1/751 b.

8 Hanefi Özcan. Türk Din Anlayışı: Maturidilik // İmam Maturidi ve Maturidilik, daj. S. Kutlu. – Ankara, 2003. – 295-304.

9 Sonmez Kutlu. Bilinen ve Bilinmeyen Yönleriyle İmam Maturidi, // İmam Maturidi ve Maturidilik, daj. S.Kutlu. – Ankara, 2003. – 17-55 bb.

10 M. Ali Kaygısız, «Maturidi'nin çeşitli fırkalara bakışı», İzmir, 1996. – 122 b. (Magistrlik dissertacija).

АВТОР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Бауыржан Куанышбаевич Ботакараев* PhD, аға оқытушы, А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
- Бауыржан Куанышбаевич Ботакараев* PhD, старший преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени А. Ясауи, Туркестан, Казахстан
- Bauyrzhan Botakaraev* PhD, Senior Lecturer, A. Yasavi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan